

				білуге үйрету).
35	Кел,оқиық	Өткен әріптерді, дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталату; қосып оқу дағдыларын дамыту; табиғатты сүюге тәрбиелеу.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.	«Айгүлге серуенге бару үшін не жетіспейді?» Ойынның мақсаты: Жыл мезгілдеріне сай киімдерді ажырата білуге үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: жыл мезгілдеріне сай киімдердің суреті Ойынның мазмұны: Әр балаға қуыршақтар беріледі. Балалар ол қуыршақтарды жыл мезгілдеріне сай киіндіру керек. Бір балаға қыс мезгіліне сай, ал келесі балаға күз мезгіліне сай және тағы сол сияқты.
36	Не үйреніп, не білдік?	Дыбыс, сөз, сөйлем туралы жыл бойы алған білімдерін қорыту кеспе әріптерден сөз құрап, қосып оқу дағдыларын жетілдіру.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	«Кімнің үйі?» Ойынның мақсаты: Кімнің қайда тұратынын ажырата білу Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің,апанның, ұяның,тиіннің інінің суреті Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларға сурет арқылы кімнің үйі екенін тауып көрсетуін сұрайды.
Барлығы :		36 сағат		

				салғышқа және т.б.
32	Қ дыбысы мен әріпі	Қ әріпімен таныстыру; дыбыс саны мен түріне сәйкес келетін сөздерді іздету арқылы сөздік қорларын, ойлау қабілеттерін жетілдіру.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.	<p>«Біреу және көп» Ойынның мақсаты: Бір және көп заттарды ажырата білуге үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: бір және көп заттар бейнеленген суреттер Ойынның мазмұны: Тәрбиеші бір және бірнеше заттар бейнеленген суреттер береді. Балалар бір зат бейнеленген суреттерді жеке, көп зат бейнеленген суретті жеке топтастырады.</p>
33	Әріптер қатары	Жыл бойына өткен әріптерді оқып, жазып үйрену.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.	<p>«Не қайда жатыр?» Ойынның мақсаты: Баланың ой өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, зейінділігін арттыру. Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларға кез келген затты айтады. Ойынға қатысқан балалар сол заттың қайда жатқанын анықтап, сипаттайды.</p>
34	Сөйлем түрлері	Балалардың сөйлем, сөз туралы түсініктерін кеңейту, сөздерді анық айтып, сөйлемді дұрыс құрауды үйрету.	Сұрақ-жауап, әңгімелеу.	<p>«Дүкен» Ойынның мақсаты: Балаларды рөлдерге бөліп, сол рөл бойынша әрекет жасауға үйрету. Ойынның мазмұны: Бір баланы сатушы етіп, қалған балалар сатып алушы болып ойнайды. (Мысалы, Сатушы «Келіңіз, сізге не керек?» деген сөздерімен және сатып алушылар «Рахмет» сияқты мейірімді сөздерді қолдана</p>

		жаттықтыру; оқуға, білуге деген қызығушылығын арттыру.		арттыру Ойынның құрал-жабдықтары: жыл мезгілдерінің суреттері Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларға жыл мезгілдерінің және табиғат құбылыстарының суреттерін таратып береді. Содан кейін әр баладан бұл құбылыстар қай кезде болатынын сұрайды. Мысалы: қар жауып жатқан суретті алған бала бұл қыс мезгілінде болады деп жауап береді.
30	Сөз,буын қайталау	Дыбыс пен дыбыс түрлерін, сөзді буынға бөлуді, аталған сөзді қатыстырып, сөйлем құрауды қайталату. Ойлау қабілеттері мен тіл байлықтарын дамыту. Табиғатты сүйеге, аңдар мен құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, түсіндіру.	«Қай жерде не бар?» Ойынның мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: Топтағы ойыншықтар. Ойынның мазмұны: Балаларға кеңістік туралы суреттер беріледі. Кеңістік бейнеленген суреттерді қайда не тұрғанын атайды. Мысалы: қуыршақ шкафтың үстінде.
31	Ш дыбысы мен әріпі	Балаларды Ш дыбысымен әріпімен таныстыру; дидактикалық ойындар арқылы жылдам әрекет етуге үйрету.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	«Нені қайда салады?» (қантты – қант салғышқа және т.б.) Ойынның мақсаты: Ыдыс аяқ түрлерін ажырата білуге үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: ыдыс аяқтың суреті Ойынның мазмұны: Тәрбиеші ыдыс аяқтың суретін береді. Балалар ол ыдыс аяққа не салатынын айтады мысалы: қантты қант

		жіңішке айтылатыны туралы түсінік беру, қызығушылықтарын арттыру.		немесе алып тастау арқылы сөздерді өзгертуге үйрету. Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларға кез келген сөзді айтады мысалы: баға сөзінен (б)әріпін алып тастасақ қандай сөз шығады-аға сөзі шығады, дала-қала т.б.
27	М дыбысы мен әріпі	М дыбысы мен оның әріп таңбасы туралы түсінік беру ; сөздегі дыбыстарды екпін түсіріп айту арқылы тауып, түрлерін ажырата білуге дағдыларын арттыру.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	«Сөз қос» Ойынның мақсаты: сөзге сөз қосып, сөйлем құрастырту арқылы баланың зейінін, шапшаң ойлауын дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: Шар, алма ойыншықтар. Ойынның мазмұны: балаларды екі топқа бөлік өткізуге болады. Тәрбиеші сөз айтады, балалар сөзге сөз қосып, сөйлем құрайды.
28	Буын	Буын дегеніміз не? Сөздерді буынға бөлу, сөздегі буын санын дұрыс анықтау, дағдыларын пысықтау.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	«Сықырлы суреттер» Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі сурет бөлінділері. Ойынның мазмұны: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.
29	Б дыбысы мен әріпі	Б дыбысымен оның әріп таңбасымен таныстыру; буындардан сөз құрап оқытуға	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	«Бұл қай кезде болады?» Ойынның мақсаты: жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары туралы түсініктерін

		Үйренуге, білуге деген қызығушылықтарын ояту.		атауларын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: әр-түрлі мамандықтардың суреттері Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларға суреттерді қарауды ұсынады. Ол кімдердің суреті, олар қайда кетіп жатқандарын, не жұмыс істейтіндерін айтады. Мысалы: суретте көкөніс сатушысы өзінің дүңгіршігіне кетіп бара жатыр, сатып алушыларға қызмет көрсету үшін.
24	Ж дыбысы мен әріпі	Ж дыбысы мен әріпімен таныстыру; ашық буындар мен қысқа сөздерді қосып оқуға дағдыландыру; өздеріне жақын адамдарды қуана білуге сыйлай білуге тәрбиелеу.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	«Сөзді айтуға көмектес» Ойынның мақсаты: Сөздерді толық әрі дұрыс айтуға үйрету. Ойынның мазмұны: Тәрбиеші сөздің бірінші буынын айтады, ал балалар сол буынға қатысты сөзді тауып жалғастырады. Мысалы: Қа-қалам, әй-әйнек...
25	С дыбысы мен әріпі	С әріпімен таныстыру; (с) дыбысының айтылу ерекшелігін өздеріне анықтату, қосып оқуға үйрету; өткен дыбыстарды қайталата отырып, ойлау қабілеттерін жетілдіру.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	«Керісінше айт» Ойынның мақсаты: Антоним сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: доп Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызады да допты лақтырып кез келген сөзді айтады. Балалар сол сөзге керісінше сөзді айтады. Мысалы: ақырын-жылдам, суық-ыстық...
26	Дыбыстар	Балаларға дыбыс туралы олардың кейде жуан, кейде	Ой қозғау, талдау.	«Сөзді өзгерт» Ойынның мақсаты: Әріптерді ауыстыру

				Мысалы:қоянның қолында сәбіз бар,ол көкөніске жатады. т.б.
21	Ө дыбысы мен әріпі	Ө әріпімен таныстыру (ө) дыбысын айтқызу арқылы жіңішке айтылатын дауысты дыбыс екенін дәлелдету; қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.	Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.	<p>«Сіқырлы қалта» Ойынның мақсаты: Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөйлем қарқынын өзгерте білуге үйрету(мысалы: ақырын сөйлеу) Ойынның құрал-жабдықтары:суреттер,доп,шар,қуыршақ) Ойынның мазмұны:5-6 бала қатысады. Тәрбиеші сіқырлы қалтаны ортаға қойып балаларды кезекпен шақырып,сол қалтадағы заттарды алғызады. Балалар алған заттарын сипаттайды.</p>
22	Р дыбысы мен әріпі	Айтылу ерекшелігіне байланысты (р) дыбысының дауыссыз дыбыс екенін өздеріне анықтату. Р әріпімен таныстыру.	Түсіндіру, көрсету.	<p>«Кім? Не?» (зат есімдер) Ойынның мақсаты: Жанды жансыз заттарды айыра білуге үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары:әр-түрлі суреттер Ойынның мазмұны:Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суреттерде не бейнеленгенін және оның жанды не жансыз екенін айтады. Жанды болса кім?,жансыз болса не? Сұрағы қойылады.</p>
23	Сөзден сөйлем құрастыру	Балаларға сөйлем туралы түсінік беру, өз ойын дұрыс жеткізуге жаттықтыру.	Түсіндіру,сұрақ-жауап	<p>«Кім не істейді?» (етістіктер) Ойынның мақсаты: Балаларға есімдерді дұрыс атауды үйрету, мамандықтардың</p>

	сөйлем құрау	білімдерін пысықтау; сурет, ойын арқылы баланың тіл байлықтарын, ойлау қабілеттерін дамыту.	баяндау	Ойынның мақсаты: Жаңғырықты ауызбен айтуға үйрету. Ойынның мазмұны: Тәрбиеші екі затты соғып жаңғырықты балаларға естіртеді, соны ауыздарымен жасап қайталайды.
18	Т дыбысы мен әріпі	Т әріпімен таныстыру, дыбыстардың әр түрлі айтылатынын ұғындыру. Тоқылдақ дыбысының аудио жазбасын тыңдату арқылы фонемалдық есту қабілеттерін жетілдіру.	Түсіндіру, көрсету.	«Таза айту» Ойынның мақсаты: Сөздерді таза айтуға үйрету. Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларға қиын, тілі келмейтін сөздерді айтады, балалар соны қайталайды. Мысалы: ракета, шкаф...
19	Буындап қосып оқу	Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын дұрыс анықтау дағдыларын пысықтау; сөздің дыбыстық құрамын табуды қайталату; жаттығулар арқылы саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру.	Сұрақ-жауап, көрнекіліктер, ойын.	«Сендердің тілектерің – біздің тілегіміз» Ойынның мақсаты: Грамматикалық сөздің құрылысын қалыптастыру Ойынның мазмұны: Тәрбиеші өзінің тілегін айтады, балалардан өз тілектерін айтуларын сұрайды.
20	Е дыбысы мен әріпі	Е дыбысы мен әріпімен таныстыру; жұмбақ шешкізіп, сөйлемдер құрату арқылы тіл байлықтарын, ойлау қабілеттерін жетілдіру, бір бірін сыйлап, құрметтей білуге тәрбиелеу.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	«Кімде не бар?» Ойынның мақсаты: Заттардың атын дұрыс атай білуді үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: қолдарында заттары бар жануарлардың суреттері Ойынның мазмұны: Суретте бейнеленген жануарлардың немесе ойыншықтардың қолында қандай зат бар екенін атайды және сол затты сипаттайды.

		қолдана отырып, суреттер арқылы әріптерді табу , әріптерден сөз құрау дағдыларын үйрету.	жауап.в	Ойынның мақсаты: «ж», «з» дыбыстарын айтып жіберу. Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларға «ж», «з» дыбысынан басталатын сөздерді табуға сұрайды.
14	Л дыбысы мен әріпі	Л әріпімен таныстыру, сөздік қорларын молайтып, байланыстырып сөйлеуге үйрету.	Түсіндіру, сөйлесу, сұрақ-жауап	«Сөздер ұқсас дыбыс шығарады ма?» Ойынның мақсаты: ұқсас дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларға ұқсас дыбыстарды айтады және сол ұқсас дыбыстарды балалар сөздерден табуы керек. Ойын сонында балалар сөздер ұқсас дыбыс шығара алады деген қорытындыға келеді.
15	Н дыбысы мен әріпі	Балаларды Н әріпімен таныстыру (Н дыбысының сөздегі орны туралы түсінік беру). Өткен әріптерді қосып, оқуға үйрету. Нан сөзіне дыбыстық талдау жасату.	Түсіндіру, сөйлесу, сұрақ-жауап, ой бөлісу.	«Міне, осылай дыбыстарды атайды» Ойынның мақсаты: дыбыстарды дұрыс әрі нақты айтуға үйрету Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларға кез келген дыбыстарды айтады. Ойынға қатысқан балалар сол дыбыстарды анық әрі дұрыс айтуы керек.
16	Ә дыбысы мен әріпі	Ә әріпімен таныстыру. (Ә) әріпін жіңішке айтылатын дауысты дыбыс екенін анықтау; мультфильмнен үзінді көрсету , ән тыңдату арқылы есте сақтау фонемалық есту қабілеттерін арттыру.	Сұрақ-жауап, баяндау, әңгіме, дәріс	«Дыбысталатын сағат» Ойынның мақсаты: дыбысталатын сағаттарды тілмен дұрыс көрсете білуге үйрету. Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларға дыбысталатын сағаттың дыбысын естіртеді, балалар оны қайталайды.
17	Суретке қарап	Сөйлем туралы алған	Сұрақ-жауап,	«Жаңғырық»

				әрі жылдам қайталап айтуы керек.
10	У дауысы мен әріпі	Балаларды У әріпімен таныстыру; есту арқылы сөз арасынан қажетті дыбыстарды табуға үйрету.	Көрнекілік арқылы түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап.	<p>«Не дыбыстайды?»</p> <p>Мақсаты: балалардың ненің қалай дыбыстайтынын білуі, айтуы керек.</p> <p>Ойын барысы: топта не дыбыстайтынын айтып беру. Сипаттау арқылы балалар не дыбыстайтынын табуы тиіс.</p>
11	О дыбысы мен әріпі	О әріпімен таныстыру, айтылу ерекшелігіне қарай (О дыбысының дауысты дыбыс екенін, жуан естілетінін өздеріне анықтату, түрлі тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру.	Түсіндіру, сөйлесу, сұрақ-жауап.	<p>«Әртүрлі сөздерді жинақта»</p> <p>Ойынның мақсаты: Сөздің бірінші және соңғы дыбысын ажыратып үйрету.</p> <p>Ойынның құрал-жабдықтары: Заттық суреттер</p> <p>Ойынның мазмұны: Бірінші суретті орналастырады, содан кейін соның соңғы дыбысына басталатын суретті қояды т.с.с жалғастырады. Ара- алма- автобус-сабын-нан...</p>
12	Көреміз, жазамыз	Балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып, әріптерді, жазуды үйрету. Әріпті көреміз, дыбысты естиміз.	Түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап	<p>«Берілген дыбыспен сөздерді ата»</p> <p>Ойынның мақсаты: берілген дыбысқа сөз ойлап табу үйрету. Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.</p> <p>Ойын барысы: тәрбиеші кез келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.</p> <p>Мысалы: А – болса:</p> <p>Балалар: Ай, алма, алмұрт, асқабақ, т.б.</p>
13	Суреттерді тап	Балаларға ойын технологиясын	Түсіндіру, сұрақ-	Тазша балаға дыбыстарды айтып жібер»

		қабілеттерін дамыту.		«ш» дыбысын анық айтуға жаттықтыру. Ойын барысы: балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады: Көпіре гөр көбік шар, Көпіре бер кеңіп-шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші «шар жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен: «ш-ш-ш»-дейді тізерлеп отыра кетеді.
8	Қандай әріп	Баланы ойлау қабілетін дамыта отырып, әріптерді үйрету	Түсіндіру, ойын, ойға шабуыл.	«Ақшақарлар ұшады» Мақсаты: Сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: ақшақарлар. Ойын барысы: тәрбиеші балаларға қағаздан жасалған ақшақарларды таратып береді. Балалар ауыздарын демге толтырып, дем шығарғанда ақшақарларды үрлеп ұшырады..
9	А дыбысы мен әріпі	Балаларды А әріпімен таныстыру; айтылу ерекшеліктеріне назар аударта отырып « ата» сөзіне дыбыстық талдау жасату, жазып үйрету.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	«Жаңылтпаштар» Мақсаты: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар Ойын барысы: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс

				<p>Көрнекіліктер: Аттар суреті және ойыншығы.</p> <p>Ойын барысы: Тәрбиеші « аттар жолда жүргенде тұяқтарымен тарсылдатады» (тілмен таңдайын қағып көрсетеді) балаларға да тілдерімен таңдайларын тақылдатып қағуды ұсынады. Балалар тілдерімен таңдайларын қағып дәл аттардың жүргенде тұяқтарымен тарсылдатып жүргенін салады « аттар тұяқтарымен тарсылдатады»</p>
5	Дауысты және дауыссыз дыбыстар	Артикуляциялық ерекшеліктеріне байланысты дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы түсінік беру.	Түсіндіру, сұра-жауап. Ойын ережесін түсіндіру	<p>«Сабын көбіктері»</p> <p>Мақсаты: Балаларды дұрыс тыныс алуға үйрету.</p> <p>Ойынның құрал жабдықтары: сабын көпіршіктері.</p> <p>Ойын барысы: тәрбиеші балаларға сабын көбіктерін таратып береді. Ойынға 4-5 бала қатысады.модан балалар дұрыс тыныс алып көбіктер шығаруы керек. Ойын осылай жалғасады.</p>
5	Дауыссыз дыбыстар	Дауыссыз дыбыс түрлері туралы білетіндерін пысықтау, қайталау; ойланып, қорытынды жасай білуге үйрету. Достыққа, жолдастыққа тәрбиелеу.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	<p>«Құс мамығын үрле»</p> <p>Мақсаты: балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.</p> <p>Ойынның құрал-жабдықтары: құс мамығы.</p> <p>Ойын барысы: тәрбиеші балаларға құс мамығын таратып береді. Оны балалар дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек.</p>
7	Дауысты дыбыстар	Түсініктерін қайталау; қиялдау, есте сақтау	Түсіндіру, сұрақ-жауап	<p>7.«Шар жарылды»</p> <p>Мақсаты: Дыбыстық жаттығу жасау арқылы</p>

№	Тақырыбы	Мақсаты	Әдіс-тәсілі	Дидактикалық ойындар
1	Сөйлем туралы түсінік	Сөйлем туралы түсінік беру. Сөйлемдер құрату арқылы тіл байлықтарын дамыту; қағазбен жұмыс жасатып, саусақ бұлшық еттерін жетілдіру.	Түсіндіру, сөйлесу, сұра-жауап. Ойын ережесін түсіндіру	<p>«Қатты-ақырын-сыбырлап» Мақсаты: Балаларға қатты,сыбырлап, ақырын сөйлеуге үйрету. Ойын барысы: Ойынға 3-5 бала қатысады: тәрбиеші балаларға бір сөзді айтады: оны балалар қатты дауыспен,ақырын дауыспен және сыбырлап айтуы керек</p>
2	Сөздер мен дыбыстар	Балаларға сөз туралы, сөздің дыбыстардан құралатыны туралы түсінік беру, жұмбақ шешкізіп, ертегі тыңдату арқылы дүниетанымдарын кеңейту.	Көрсету,түсіндіру, сұрақ-жауап.	<p>«Тез-ақырын» Мақсаты:Балаларға тақпақтарды,жаңылтпаштарды тез жән ақырын айтуға үйрету. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға бір сөзді,тақпақты немесе жаңылтпашты айтады. Балалар соны тез және ақырын қайталап айтуы керек.</p>
3	Буынға бөлейік	Балаларға буын туралы түсінік беру, сөздерді баяу айта отырып, буынға бөлуге үйрету. Танымдық қызығушылықтарын арттыру.	Көрсету,ойын ережесін түсіндіру.	<p>«Шарды үрле» Мақсаты: Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: шарлар. Ойын барысы: тәрбиеші балаларға шар таратып береді. Оны балалар дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек.</p>
4	Дыбыс және әріппен танысайық	Дыбыс дегеніміз не? Әріп дегеніміз не? Балаларға жалпылама мағлұмат беру.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	<p>«Аттар тұяқтарымен тарсылдатады» Мақсаты: Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту. Дыбыстық жаттығу жасау арқылы «р» дыбысын анық айтуға жаттықтыру.</p>

Қағаз бетінде (бастапқы шегі, орта шегі, соңғы шегі) бағдарлай білуге дағдыларын дамыту.

Бағдарламаның мазмұны

Бұл бағдарлама мектепалды дарлық класының балаларының бойында белсенділік, тапқырлық, ойлау қасиеттерін қалыптастырады.

- Баланың коммуникативтік әрекеттерін қалыптастырады;
- Ой-қиялы дамып, ойлау қабілеттерін жетілдіреді;
- Үздіксіз дамуын, дүниетанымын кеңейтіп, ойлау жүйесін қалыптастырады;
- Тапсырмалардың көп деңгейлігі баланы жан-жақты тәрбиелейді;
- Сөйлеу арқылы баланың шығармашылық іскерліктерін дамыту;

Күтілетін нәтиже:

Тапсырмалардың мазмұнын түсініп, өздігінен шапшай орындай білуі тиіс

Баланың қолының бұлшық еттері мен саусақтарының әлсіздігі дамиды.

Әріптерді жазба түрінде жаза білуі тиіс.

Түсінік хат

Баланы мектеп алды дайындау үздіксіз білім беру жүйесіндегі педагогика ғылымдары мен практикасының ең басты өзекті мәселелері. Қазақстан президентінің 2030 – жылға арналған бағдарламасында барлық саланың жаңарту туралы мәселелер, оның ішінде білім саласы бағдарламасындағы жағдайлар атап көрсетілген.

Мектепалды даярлық баланың оқу мәселесін жақсы жағдайда болуына байланысты. Бүгінгі мектеп жасына дейінгі балалардан Қазақстан келешегі байқалады. Жаңа ұлттық тәрбиелеуде, тәрбиенің мазмұны, ізгілендіру, жекелендіру және жаңа педагогикалық дамудың әлеуметтік бағытының түбегейлі өзгертуін талап етеді. Бағдарламалық материалды балаларға игеру үрдісінде тәрбиеші баланы тек сөйлеуге емес ой еңбегіне бейімдеуге олардың қиялын, санасын, зейінін дамытатындай жазуға, оқуға үйретеді.

Осы талаптарды ескере отырып, мен вариативтік бөлімінде берілген 1 сағатты «Сиқырлы әріптер» сауат ашу сабағын алып мынадай жоспар құрып отырмын.

Ұсынып отырған жоспарым балалардың жас ерекшелігіне лайықталып, мектепалды даярлау бағдарламасының талаптарына сай құрастырылған.

Сабақ 36 сағатқа жоспарланған сабақтар дамытушы - ойын түрінде және оқу, жазу үлгісінде ұйымдастырылған.

Бағдарламаның мақсаты


Балаларға сөз, сөйлем, буын мағыналарын түсіндіру.

Балаларға әріптерді оқып үйреніп, жазу тапсырмаларын орындау дағдыларын дамыту.

Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратып олардың түрлерімен таныстырып, жазуды үйрету.

Салыстырмалы әдіс бойынша әр түрлі суреттер арқылы шығармашылық іскерліктерін дамыту.

КМҚК №11 "Таңшолпан" бөбекжай - бақшасы

**№1 педагогикалық кеңес шешімімен
"Бекітілді"
Бөбекжай- бақша директоры**
 **С.Ж.Жанекешова**

**№12 «Ақ бота» мектепалды даярлық тобының
«Сиқырлы әріптер»
вариативтік компонент
ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

2020-2021 оқу жылы